

ҚАЗҰУ – МӘНГІ ЖҮРЕКТЕСІҢ!

11-сыныпты алтын белгімен бітіріп, үлкен сенім мен үмітті алға артып әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті болуға арман қала Алматыға келдім. Үйінен, ата-анасынан жыраққа шығып көрмеген мен үшін басқа қалада оқу сәл уайым туғызды. Десе де дәл осы университет маған болашаққа сеніммен қарауды, қорқынышты жеңуді, келешекке жоспар құрып, сол жоспарларды біліммен бағындыруды үйретті. Егер 11-сыныпқа қайта оралсақ, ойланбай дәл осы университеттің студенті болуға өтініш толтыратын едім.

1-ші қыркүйек 2018 жыл.

Қолымда сөмкем, үйдегі жақындарың қимай, ата-анамның үкілеген үмітін артып Алматыға білім аламын деп жолға шықтым.

Сонымен Алматыға жетіп, ҚазҰУ-дың жатақханасына кірдім. Өзім секілді студенттер, апайға документтерімді көрсетіп белмеме бардым. Сол кезде 4 қызбен бірге тұратынымды білгенмін. Еркелігі бір төбе мен үшін үйрену қалай болар екен деп іштей оймен отырдым. Бірақ уақыт өте бәріне үйреніп кеттім. Қасындағы жандардың жақсы не жаман болуы өзіңе де байланысты екендігін ұқтым.

3-ші қыркүйек 2018 жыл.

Көңілдегі қуанышы мен бойдағы толқынысы басылмаған мен, университетке қарай оқуға шықтым. Сол сәтте сыныптастар деген ұғымды айтып үйреніп қалған студентке, группаластар деп айтудың өзі бір бөлек сезім болатын. Группамды көргенде қорқынышым да, уайымым да бір

сәтте басылды. Өзім секілді арманы бір жандармен оқитыныма қуандым. Әлі күнге дейін дәл осы жандардың қатарласы болғанымға мақтанамын. Студенттік шағымда тапқан ең жақын жандарым дәл осы группаластарым.

Группамызбен алғаш рет кураторымызбен таныстық. Ол кісінің бойындағы адамгершілік пен қамқорлықты мына үлкен қалада жүріп сезінетінмін. Қандай сұрақпен барсақ та, өзінің білетінімен бөлісіп, адал жолдан адаспауды үнемі есімізге салып отыратын ардақты жан ретінде ойымда қалды.

Қазіргі сәтте мен ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетіндегі ядролық және теориялық физика кафедрасының 4-курс студентімін. Аманшылық болса, осы жылы дәл осы университеттің түлегі

атанбақпын. Осы уақытқа дейінгі тәжірибем бұл университеттің маған үлкен мүмкіндіктер сыйлағанын ұғындырады. Оқимын, білім аламын деген студентті әрқашан құшақ жая қарсы алады. Адал жолдан адаспай, мақсаты айқын, білімді маман боламын деген үміт ақталатынына сенімдімін. ҚазҰУ–мен үшін естеліктері мен қуанышты сәттерге толы студенттік шағымның куәсі, жүрегімде ойып алар орны бар білім ордасы.

**Сиргебаева Мөлдір,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті,
Физика-техникалық факультеті
Теориялық және ядролық
физика кафедрасы
Ғылыми физика мамандығы,
4-курс студенті**

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ



Бүгінгі жазар тақырып, баланың сөйлеу тілін дамытуға байланысты болмақ. Жалпы, адамның ойлауы, сөз саптауы бала кезден басталатыны белгілі. Сол үшін де, бала кездегі баланың сөйлеу тілін дамытуға аса назар аударған жөн.

Балабақшадағы оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста дидактикалық ойындар арқылы қолдана білуге ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде дидактикалық ойын арқылы балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгеру, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру қажет. Осы тұста, балабақшадағы тәрбиешінің алар орны ерекше.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі дидактикалық ойын арқылы сөздік жұмысын жүргізуді қолға алып отыруы қажет. Балалардың сөздік қорын молайтуда дидактикалық ойындар, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде дидактикалық ойындарды ерекше атап өтуге болады. Дидактикалық ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, тандап алады. Дидактикалық ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Кез келген бала ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Дидактикалық ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, ойланады, өзіндік бір түсінік алады.

Ұлы педагог В.И. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, фантазиясыз, шығармашылықсыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді. Дәл осы сөзге сүйенсек, бала үшін ойынмен сөздік қорын молайтудың балаға пайдасы зор.

Дидактикалық негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, еске сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болса, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандайда бір өнердің бастауы деп білеміз.

Қорыта келгенде, баланы тәрбиелеуде, дамытуда, дұрыс бағыт беруде екі жақтық рөл маңызды. Оның бірі ең алдымен, ата-ана болып табылады. Өз баласының ерекшелігін көріп, оны дұрыс бағалай және бағыттап біліп, біліммен, тәртіппен, еңбекпен ұштастырып отырса, бала тілінің дамуына қажетті жағдай жасаса, бұдан балаға үлкен пайда болады. Екіншісі балабақшадағы орта, тәрбиешілер. Демек, тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланыс – ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Дәл осылай байланыса отыра, ата-ана мен тәрбиеші жұмыс жасайтын болса, бала үшін үлкен пайда екені сөзсіз. Осындай байланысты қазірден орнатып, әр баланың болашағына алаңдап, жұмыс жасайтын болсақ, болашақта мықты маман мен адамгершілікті, білімді, үйренуді жоғары бағалайтын азаматтарды шығарарымыз хақ.

**Дуйсенбекова Лаура Сарсенбековна
Нұр-Сұлтан қаласы, №82 «Айару» балабақшасы
«Құлыншақ» ересек тобының тәрбиешісі**

ҮШ ТІЛДІ БІЛУ БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгін мен қозғайтын тақырып үштілділікке қатысты болмақ. Осы орайда сөз басын, мына бір керемет өлеңмен бастағым келіп отыр.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бұл дегеніміз, өз ана тілімізді құрметтеу деген ұғым. Бірақ ол дегеніміз өзге тілді үйренбеу дегенге келмейді. Біз үш тілді меңгеру арқылы болашағымызды жарқын ететініміз белгілі.

«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп Елбасымыз өз Жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік- экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. ХХІ ғасырда қазақ елі биік белестерге көтерілуде. Бір жарым ғасырлық тарихы бар дүниежүзілік ЭКСПО-ны өткізу мәртебесіне посткеңестік кеңістікте бірінші болып Қазақстан қол жеткізді. Яғни бұл Қазақстанның әлемдік деңгейдегі абыройлы мегажобасы. ЭКСПО 2017 – Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросы аясындағы халықаралық көрме. Ол ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Көрмеге 5 миллиондай адам қатысады деп жоспарлануда. Оның 15 пайызы шетелдіктер. Қазақстан тарихында ерекше орын алатын ежелгі Отырар өңірі ең тартымды туристік бағыттардың бірі болғандықтан, шетелдік туристердің көптеп келуі ықтимал. Соңғы жылдары Арыстан баб және Отырартөбе сияқты тарихи орындарға Еуропа, Ресей, Қытай, Жапония, Араб және Таяу Шығыс елдерінен келетін туристердің саны жылдан-жылға артауда. Биылдың өзінде Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің экскурсиялық объектілеріне келген шетелдік қонақтардың саны шамамен 5 мыңға жуықтайды. Ал олардың қатынас тілі – ағылшын тілі. Оларға жоғары деңгейде қызмет ету – біздің міндетіміз. Сол арқылы біз еліміздің мәдениетін әлемге танытуға өз үлесімізді қосамыз деген ойдамыз.

Қорыта келе, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегім келеді.

**Тастанова Құралай Аязбекқызы,
№16 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің
ағылшын пәні мұғалімі**